



SOCIAL MENTALITY AND RESEARCHER THINKERS JOURNAL

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed

ISSN: 2630-631X



Social Sciences Indexed

www.smartofjournal.com / editorsmartjournal@gmail.com

January 2017

Article Arrival Date: 18.11.2016

Published Date: 30.01.2017

Vol 3 / Issue 4 / pp: 1-9

Ағартушы-Ойшылдардың Экономикалық Мәдениет Жайлы Ой- Пікірлерінің Педагогикалық Мәні

Pedagogical Meaning Of Senior Thinkers' Opinions Over Culture Economy

Kenjehan MEDEUBAYEVA

Assoc. Prof. Dr. Kazakh State Women's Teacher Training University, Kazakhstan

ТҮЙІНДЕМЕ

Бүгінгі нарықтық кезеңде білімді ізгілендіре отырып, қоғамды адамгершілік тұрғыдан жаңартудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыруға жан-жақты дайын, бәсекеге қабілетті, жаңа тұрпатты жеке тұлға тәрбиелеу заман талабына айналып отыр. Аталған мәселені шешу жолдары «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!», «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Ұлт жоспары – 100 қадам», т.б. бағдарламалық құжаттарда жан-жақты көрсетілген.

Негізгі сөздер: Педагогикалық мәні, экономикасы, мәдениеті

ABSTRACT

Modernization of the knowledge of the modern, competitive and new type of personality to realize the socio-economic tasks of the humane modernization of the society through humanization of education in today's marketplace is a requirement of modernity. The ways of solving this problem are: "For competitive Kazakhstan, competitive economy, competitive people!", "Strategy" Kazakhstan - 2050 - a new political course of the established state ", "Nurly Zhol - Path to Future ", "Kazakhstan's Way - 2050: One Goal, One Interest, One Future ", "National Plan - 100 Steps ", etc. detailed in the program documents.

Key Words: Pedagogical Meaning, Economy, Culture

Бүгінгі нарықтық кезеңде білімді ізгілендіре отырып, қоғамды адамгершілік тұрғыдан жаңартудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыруға жан-жақты дайын, бәсекеге қабілетті, жаңа тұрпатты жеке тұлға тәрбиелеу заман талабына айналып отыр. Аталған мәселені шешу жолдары «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!», «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Ұлт жоспары – 100 қадам», т.б. бағдарламалық құжаттарда жан-жақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» Жолдауында: «Жаһандану және күрделене түскен әлемдік бәсекелестік жағдайында қазақстандықтардың күш-қуаттық және санаткерлік қабілеттері біздің жоспарларымыздың табысты болуына, ел экономикасының бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігіне және бүгінгі жағдайда өмір сүре алуына тұғырлы фактор болып табылады», – деп, ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын атап көрсеткен [1].

«Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты бөлімінде Н.Назарбаев бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін сауаттылығы жоғары елге айналу керектігін баса көрсете келе, «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан.

Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», – деп ерекше атап айтты [2]. Елбасы атап көрсеткен заманауи қоғам иесі болатын жастарды тәрбиелеу оқушы – ата-ана – мұғалім арасындағы өзара қарым-қатынас негізінде жүзеге асатыны белгілі. Бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғам иесін қазіргі бәсеке қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеп шығару үшін оқушыларға мектеп жасынан бастап нарықтық педагогика негіздерін танытудың артықшылығы болмас еді. Осыған орай, оқушыларға мына мәселелерді ұғындырудың қажеттілігі туындайды:

- ✓ нарық, кәсіпкерлік туралы ұғым-түсініктерін кеңейту;
- ✓ кәсіпкерлікке, нарыққа баса назар аударту;
- ✓ ата-аналарының еңбегін бағалай білу;
- ✓ қаржыны реттеп, үнемдеп жұмсаудың жолдарын үйрету.

Бұл мәселелер зерттеуші-ғалымдар Қ.Ж.Аганинаның «Жеке тұлғаны қалыптастыруда экономикалық білімнің мәні» [3], «Оқушыларға экономикалық білім берудің дидактикалық негіздері» [4], А.К.Ахметовтің «Профессиональное экономическое ориентирование будущих учителей» [5], Қ.Ашанұлының «Кәсіпкерлік және қазақ менталитеті» [6], М.Құдайқұловтың «Мектеп директорлары мен оқытушыларына нарықтық оқу-әдістемелік құрал» [7], «Нарықтық қоғамда дара тұлғаны қалыптастырудың этнопедагогикалық негіздері» [8], М.Есқалиев, Э.Шедеков, А.Базиковтардың «Жастарға экономикалық тәрбие беру» [9], т.б. еңбектерінде тұжырымдалған.

Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адами болмыс пен оның әлеуметтік ролі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған орай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар түбірімен өзгерді. ХХІ ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Сондықтан, әрбір білім алушыны дара тұлға ретінде жетілдіру, оның шығармашылық қабілеттерін құзыреттілік тұрғыда дамыту – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Жетілген әрбір дара тұлға – еліміздің келешегі, адами әлеуеті. Ал, еліміздің келешектегі дамуы оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей байланысты екендігі белгілі. Қоғамымыздың нарықтық экономикаға толығымен көшуіне байланысты, өскелең ұрпақтың экономикалық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі туындауда. «Экономикалық мәдениетті жалпы мәдениеттің элементтері мен құбылыстарының кешені, экономикалық сана-сезім стереотиптері, мінез-құлық, экономикалық өмірдің ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін экономикалық институттардың мотивтері ретінде анықтауға болады» [10, 117]. «Жалған дүние бермейді опа басыңа, шаманды біл, жөн-жосықсыз тасыма; құлқыңды онда, дүние деп күйінбе, құлқың ізгі болса, толар үйің де!», – деп кемеңгер Ж.Баласағұни айтқандай, экономикалық мәдениет мәселесі бүгінгі нарықтық экономикалық қоғамда басты орында деп айтуға толық негіз бар.

Ежелгі дәуір әдебиетінің көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» дастанында кәсіпкерлік, кәсіппен айналысу мәселесі 34, 35, 36, 37, 38, 47, 48, 49, 52, 53, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61-тарауларда жан-жақты баяндалған [11]. Өз заманындағы ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында жазған, ХІ ғасырға дейінгі түркі тілдес халықтардың қоғамдық ой-санасында терең орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған энциклопедиялық қуатқа ие «Құтты білігі» дастанында ұлы ойшыл кәсіпкерлік пен кәсіп мәселесін біршама көтерген. Дастанның «Дикандармен қалай қатысу жайлы» деген тарауында:

Тағы бір топ - дикандардың әулеті,

Ең керекті жұрт ол биік дәулеті, –

деген жолдармен диқаншылық кәсіпті жоғары марапаттай келе:

Одан жанның бәрі пайда табады,

Ішпек-жемек, күллі дәмін алады.

Еш шүбә жоқ, бұл кісілер қажетті,

Солар билер тамақты да, тәбетті, –

деп, диқаншылық кәсіптің адам өмірі үшін пайдалы жақтарын көрсетеді. Сондай-ақ «Малшылармен қалай қатысу туралы» тарауында:

Малшылар бар берекелі іс тындырған,

Күллі жылқы алдарында мыңғырған.

Бәрі ақкөңіл, шыншыл, елдің адалы,

Адамдарға жоқ еш зиян, залалы.

Бұл адамдар құтты жандар пайдалы,

Түзулікпен кешкен тірлік жолдарын, –

дей келе, малшылық кәсіппен айналысқан адамдардың өмірде таршылық көрмей, молшылықта өмір сүретінін үлгі етеді. Дастандағы «Қолөнершілермен қалай қатысу жөні» тарауындағы:

Қолөнерші қолдарында түрлі өнер,

Қолөнерін пайдаланып күн көрер.

Бұл дүние ғажабын істейтұғын осылар,

Өнердің кереметтерін істейтұғын осылар, –

деген бәйіт жолдары арқылы Ж.Баласағұн қолөнер кәсібінің маңызы мен мәнін айта келе, бұл кәсіптің халық тұрмысындағы орны мен қажеттілігін де көрсеткен. Дидактикалық дастандағы кәсіпкерлік жайлы ой-пікірдің педагогикалық мәні кәсіпкерлік әр адамның өмір сүрген қоғамдық ортасына, қоғамның экономикалық даму деңгейіне сәйкес қалыптасатындығы дәлелденуінде. Кәсіпті, кәсіпкерлікті меңгеру адамға өмірлік азық, рухани байлық екенін ескертеді, кәсіп пен кәсіпкерліктің жас ұрпақтың нарықтық-экономикалық қоғамда өмірден өз орнын табуына септігін тигізетінін, еңбек арқылы олардың бойында ізгілік, жақсылық, қайырымдылық, т.б. игі қасиеттер қалыптасатынын баяндайды. Ұлы ойшыл түрлі кәсіппен айналысып, өз еңбектерімен күнкөретін адамдармен достық, жолдастық қарым-қатынаста болудың жолдарын ұсынады, кәсіпкер, еңбекқор адамдардың бойында еңбексүйгіштік, қайырымдылық, ұқыптылық, жинақылық, үнемшілдік сияқты бүгінгі экономикалық-нарықтық қоғамға тән ерекше белгілер болатынын атап көрсетеді.

Жақсы айтыпты білікті бір сөзінде,

Мейірлі елге адал болған өзі де:

«Тірлік емес, ізгі ақ тілек тілесен,

Ізгі атың – тірлігің ол, білесің!

Өзің өлсең, тастап ақыр атыңды,

Атың ізгі болса – тірлік татымды!

Өмірің емес, атыңмен шық арындап,

Жақсылықпен атың шығар жалындап! –

деген жолдар арқылы жақсы іспен, пайдалы кәсіппен айналысқан адамның артында істеген адал ісі ұмытылмастай болып қалатынын педагогикалық тұрғыда насихаттайды. Бұл педагогикалық пайымдаудың астарында қазақ халқының «Өнерлі өлмес, өнерсіз күнкөрмес» деген салиқалы сөзімен сарындастық жатқанын байқауға болады.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» дидактикалық дастанындағы тәрбие мәселесінің педагогикалық астарына үңілсек, ұлы ойшылдың тәрбиелік тағылымды негізінен үш арнаға бөлгенін байқауға болады. Біріншісі – әрбір жеке адамның білімді болуы, ал білімді болу үшін оқудың маңыздылығын ақын:

Балам білім жолын қусын десеңіз,

Бесігінде-ақ ілім шоғын төсеңіз

Білім үйрет сәбиіңе сарыла,

Уыздай ұйып, сүттей сіңір қанына!

Сәбиіңде көкірекке түйгені

Өлгенінше санасында жүреді! –

деген педагогикалық пікірмен пайымдаған. Екіншісі – барлық, байлық, молшылық. Ол үшін еңбек, кәсіп, адалдық, тазалық, ұқыптылық қажеттігін:

Нәзік, түзу жолды ұстанам десеңіз,

Ей, ақжүрек, ділге пәктік берсеңіз.

Сақилықты ұстансаң, без харамнан,

Киім, асың болсын дәйім адалдан.

Кедей болмай, байлық жолын қусаңыз, –

деп тұжырымдайды. Үшіншісі – әлеуметтік, табиғи күштілік. Ол үшін бірлік, достық, бостандық, ынтымақ, береке-бірлік керек екендігін ақын төмендегі жолдармен түйіндейді:

Бұл адамдар құтты жандар, пайдалы,

Ей, өркенді ер, араласқан жайдары.

Қатыс, қосыл, ішкіз-жегіз қолдағын,

Түзулікпен кешсін тірлік жолдарын.

Не сұраса, бер қажетін аяма,

Көзім көрді, жоқ пайда мен айлаңа.

Ж.Баласағұн XI ғасырда өз шығармасында үлгі-өнеге ретінде айтып кеткен кәсіп түрін меңгерудің адамға өмірлік азық, рухани байлық екендігі XIX ғасырдағы қазақ халқының ағартушы-ойшылдары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаев туындыларында да өз сабақтастығын тапқандығын педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ХАҒА академигі М.Құдайқұлов: «Қазақтың нарықтық және экономикалық ой-пікірлерінің дамуын А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин еңбектерінен табуға болады», – деп атап көрсетсе [12, 135 б.], заң ғылымдарының кандидаты С.Өзбекұлының: «Нарықтық қатынастар туралы ойлар» деген мақаласындағы «... Абай өз заманының талаптарынан көп алға кетіп, көргендік пікірлермен қазіргі нарықтық қатынастар, бизнесті ұйымдастыру, еркін кәсіпкерлік, капиталдың алғашқы кезеңінде қалыптасуы, меншік құқы иелену, пайдалану, билеу сияқты мәселелерге сол кездің өзінде-ақ жауап іздеген» [13], – деген пікірінен Абайдың өз дәуіріндегі

нарық туралы айтқан ойы бүгінгі заманның талаптарымен ұштасып жатқандығын педагогикалық тұрғыдан пайымдауға болады. Абай Құнанбаев өзінің шығармаларында көптеген экономикалық мәселелерді көтеріп, оны ағартушылық және демократиялық көзқараспен шешіп отырғанын экономика ғылымдарының докторы, профессор Д.Кабдиев те өз еңбектерінде талдап көрсеткен. Бұл тұжырымды ұлы ақын Абайдың «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңіндегі мына жолдармен дәлелдеуге болады:

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай

Қыстың басы, бірі ерте, біреуі жай.

Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,

Ықтырмамен күзеуде отырар бай.

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы

Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай

Артық қайыр артықша қызметке орай.

XIX ғасырдағы қазақ даласының экономикалық жағдайын ақын осылай суреттей келе, нарықтық қатынастың нақты көрінісін көзге елестетеді. Қазақ халқының ұлы ойшылы өзінің «Екінші сөзінде» өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ халқының саудаға, кәсіпке қырсыздығын, саудамен, кәсіпкерлікпен айналысқан елдерді күлкі еткен қыңыр мінездерін сынай келе: «Енді қарап отырсам, сарттың екпеген егіні жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Ноғайға қарасам, еңбек қылып мал табудың жөнін солар біледі,.. соның бәрі қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері», – деп кәсіп етіп, кәсіпкерлікпен айналысудың қазақ айтқандай күлкі де, мазақ та еместігін көрсетеді. «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастмайды», [14] – деген кеменгер ойшыл сөзінің педагогикалық түйіні – еңбек ету, кәсіп қылу, бүгінгі нарықтық-экономикалық қоғам талабына сай өмір сүру. Абай өзінің халқына, келер ұрпағына қалдырған өшпес мұрасында жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ұждан қай дәуірде болмасын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің нұсқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз-нысаны екені даусыз. Абай өз шығармаларында жастардың өз алдына шаңырақ көтерген кездерінде шаруашылық-экономикалық есебіне ыждағатты болуы керектігін естеріне салады. Екі жастың да отбасы қаржысын үнемді пайдалануын, адал еңбегінің құнын өмірлік қажетіне жаратуға үндейді. Мақтан үшін артық дүние-мүлікке қызықпай, не қолындағысын орынсыз шашпай үнемшіл болуға үйретті. Үй болған соң, еткен еңбегіне сай жиналған қаражат-қордың болуы қажеттігін көрсетті. Жастарды кәсіпкерлікке тәрбиелеудің педагогикалық астарында еңбекке оң көзқарас пен қоғамдық меншікке ұқыптылық арасындағы байланысты қалыптастыру мәселесінің маңызы зор. Данышпан Абай қазақ халқының экономикалық дамуын еңбекпен байланыстырады. Еңбектің терең әлеуметтік мәнін түсіндіреді. Ғұламаның шығармаларында еңбек экономикалық дамудың негізгі, материалдық құндылықтарды шығару көзі, халықтың тұрмыс деңгейін түзетудің басты құралы ретінде баяндалады. Өзі өмір сүрген кезеңдегі жұрт арасында еңбекке қалыптасқан немқұрайдылық, еріншектік, жалқаулық сияқты келеңсіз құбылыстардың әлеуметтік мәнін ашып, олардың қоғамның алға басуына кедергі болып отырғанын, халқтың негізгі бөлігінің материалдық жағдайының төмендігін айта келіп, аянбай жұмыс істеуге шақырады. Абай: «Еңбек жоқ, қарекет жоқ қазақ кедей, тамақ аңдып қайтеді тентіремей?», – деп, кедейліктің мотивін еңбексіздіктен іздеген. Еңбек етуші адамға шаруашылық жүргізгенде «жинаққылық керек, әрбір жинақылық түбі кеніш болады» деп, еңбекті ұтымды жүргізуге насихаттайды, өйткені ұтымды еңбек ету экономикалық дамуға

жеткізудің жолы, кедейліктен шығудың бірден-бір басты құралы еді. Еңбектің сипаты мен маңызына ерекше мән берген Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған, –

деп егін салу мен білім алудың баянды еңбек екеніне ағартушылық тұрғыда баға береді. Баянды еңбекті материалдық игіліктерді өндірудің және адамның мұқтажын қанағаттандырудың маңызды көзі деп түсінді.

Қазақ қоғамында халықтың бәрі бірдей еңбекке тартылмай, оның белгілі бір бөлігі жұмыссыз болды. Абай оның жағымсыз әлеуметтік салдарын ашып көрсетті. Жұмысы жоқтық қазақты жаманшылыққа үйір етеді деп ескертті. Ұлы ойшыл жұмыссыздықтың материалдық жоқшылыққа әкеп соқтыратынын баяндай отырып, оның адам мінез-құлқын өзгертетініне педагогикалық тұжырым жасаған. Адамның бәрінде жаманшылыққа қарсы тұра алатын күш-қуат, жігер табыла да бермейді. Сондықтан да Абай «Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» деп жазды. Жұмыссыздықты ел ішінде тоқтату жолдарымен қатар, сырт елдерге барып жұмысқа орналасу арқылы жоюға болатынына үмітпен қарады. Ол «малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп табарлық күн болар ма екен?» деп армандады. Абай қазақ қоғамын дамытудың құралы халыққа білім беру, оларды ғылымға тарту деп есептеді. Ғылымды ол экономикалық жағдайларды жақсартудың бірден-бір құралы, деп қарай отырып, ғылымды игеру бүкіл жақсылыққа жеткізетін жол деп түсіндірді.

Ш.Уәлихановтың қоғамның шаруашылық-экономикалық проблемаларына арнаған «Қазақтардың қонысы туралы», «Мал шаруашылығы – халық байлығы», «Өнеркәсіп және сауда», «Өнеркәсіп және ақша системасы» сияқты еңбектерінде өнеркәсіп пен сауда мәселелеріне елеулі орын берілген. Қазақ халқының тұңғыш зерттеуші ғалымы Ш.Уәлиханов өзінің «Сот реформасы туралы жазбалар» атты атақты еңбегінде: «Біздің заманымызда халықтың нағыз мұң-мұқтажына тікелей қатысы бар, халыққа ең маңызды, ең керекті реформа – экономикалық және әлеуметтік реформа. Әрбір адам және бүкіл адам баласы өзінің өрлеу жолында түпкілікті бір мақсатқа ұмтылады. Ол мақсат – өзінің тұрмысын жақсарту Прогресс дегеніміздің негізінің өзі – біз осы тұрғыдан алып қарасақ, адамның тұрмысын жақсартуға жағдай туғызатын реформалар ғана керекті де, ал осы мақсатқа қандай болса да кедергі келтіретін реформалар болса, ондайлар халыққа зиянды, керексіз реформа болып табылады», – деп жазды. [15, 193 б.]. Бұл пікір біздің заманымыздың бүгінгі мен ертеңі үшін қашанда құнды, бағалы болып қала беретініне дау жоқ, өйткені Ш.Уәлиханов атап көрсеткен «әр адамның тұрмысын жақсарту» еңбек және кәсіп арқылы келетіні белгілі Сол кездің өзінде-ақ Ш.Уәлихановтың миллиондаған халық тағдырына ерекше жанашырлықпен қарап, мәселенің дұрыс шешілуін армандағанын көрсетеді. Ш.Уәлиханов қазақ арасындағы кейбір жағымсыз әдеттерді мейлінше сынап, астарына үңіліп, олардың қазақ қауымын ілгері бастырмай келе жатқан келеңсіздік деп қарады. Соның бірі барымта екендігін, оны жұрттың көпшілігі баудың мал жинаудың ең жеңіл әдісі деп қате түсініп жүргенін баса айтты. Ш.Уәлихановтың пайымдауынша, осы «кәсіппен» айналысқан адамның еңбекке ынтасы болмайды, жан-жүйесі жұғымсыз, ұсқынсыз келеді, ал тиімді кәсіппен айналысу уақытты, зор ынтаны керек етеді деп дұрыс тұжырымдады. Осылайша ол жастарды жағымсыз кәсіптен бойын аулақ салуға шақырып, оның адамды арамтамақтыққа, еріншектікке итермелейтінін айта келіп, осы жаман әдеттің сайып келгенде қазақ даласында түрлі кәсіптің дамуына кедергі келтіретініне тоқталды. Ш.Уәлихановтың экономикалық идеясының негізі – қазақ қоғамының экономикалық, саяси, рухани жағдайлары, қазақ халқының дамуы және өз халқының болашағын көрегендікпен болжай білуі.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы»,

«Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсең табылады?», «Атымтай жомарт», «Асыл шөп», т.б. тәлім-тәрбиелік маңызы зор шығармаларының педагогикалық астарында жастарды еңбекке, еңбексүйгіштікке, еңбек етудің көзін таба білуге, еңбекқорлыққа, кәсіпшілдікке баулу идеясы жатқанын көреміз. Ағартушы-жазушының «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі осы ойымызды айқындай түседі. Елді отырықшылыққа, егіншілік кәсіпке үйрету мәселесін көтерген шығармада ағартушы Сейітқұл мен оның ағасының іс-әрекетін қарсы қоя отырып, жер тырмалап, тер төгіп, еңбек етіп, кәсіппен айналысқан Сейітқұлдың ісін үлгі-өнеге етіп көрсетеді. «...Қабырғаның бойына келген соң Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң, орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті... Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты», [17, 209 б.] – деп суреттей отырып, кәсіпкерліктің еңбекпен, тер төгумен келетінін педагогикалық тұрғыда тұжырымдайды және қазақ даласындағы нарықтық-экономикалық қарым-қатынастың қырсырын ашып көрсетеді, қазақ жастарын нарықтық-экономикалық қоғамға сай өмір сүре білудің жолдарын нұсқайды.

Ы.Алтынсарин әңгімесіндегі кәсіпкерлік жайлы ой-пікірдің педагогикалық астарында бүгінгі нарықтық қоғамда жастарды адал кәсіп ете білуге тәрбиелеу идеясы жатқаны байқалады. Сондай-ақ ағартушының «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі жастарды нағыз кәсіптің жолын игере білуге тәрбиелейтін шығармасы деп айтуға болады. Мұның дәлелі жолаушының: «Елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, сапам арасынан не болмаса жай кісілерден ескі-құсқыны жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып, қағаз істейтін фабрикаларға сатып, азды-көпті ақша болған соң, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жылда он мың франк ақша тауып, қағаз фабрикасын аштым. Жасым – жас, ісім – нық, жинақтымын, еріншектікті білмеймін», – деген сөзі. Осы сөздерді жазушы жолаушының аузына сала отырып, кәсіпкерліктің жолын көрсетеді, белгілі бір кәсіппен айналысу қажырлы еңбектің нәтижесінде жолға қойылатынын түйіндейді. Бұл педагогикалық идея астарында бүгінгі таңдағы нарықтық-экономика заманда қазақ жастарына үлгі болар ой жатқаны даусыз.

Мектепте берілетін экономикалық тәрбие мен дағдыны халыққа пайда келтіру тұрғысынан бағалаған қазақ халқының ағартушысы Ы.Алтынсарин бүкіл өмірін мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, еңбекпен айналысуға үндеді. Оқу-ағарту ісіне Ыбырай енгізген жаңалық қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесін көтере білді. Ол қазақ халқының шаруашылық-экономикалық дамуына қажетті мамандар даярлау ісіне ерекше мән берді: колонер, ауылшаруашылығы училищелерін ұйымдастырды.

Қазіргі уақытта Ы.Алтынсарин еңбектерінің, идеяларының, педагогикалық пайымдауларының оқушыларға экономикалық білім беруде маңызы зор. Ол еңбектерінде жастарды сабырлыққа, әдептілікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке үйрете отырып тәрбиелеуді мақсат еткенін көреміз. Ы.Алтынсариннің көлемі шағын әңгімелеріндегі еңбек, кәсіпкерлікті үйрену, табыс табудың жолдары бүгінгі нарықтық-экономикалық қоғамдағы басты ұстаным ретінде педагогикалық тұрғыда тұжырымдалған. Педагог-жазушының «Малды пайдаға жарату», «Дүние қалай етсең табылады?», «Талаптың пайдасы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Петр патшаның тергелгені», «Мұжық пен жасауыл», «Жомарт», «Сарандық пен жинақылық» деген т.б. шығармалары әлеуметтік-экономикалық тәрбиесі зор әдеби мұралар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында: «Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз», [9] – деп, жастардың болашаққа деген сенімін айқындап, қажырлы еңбек ете отырып, келешекті

кемел ету жолында олардың үлесі зор екендігін баса айтты. Жастарға арналған бұл аманат аталған Жолдаудағы Елбасы ерекше атап көрсеткен шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажеттігін толық жүзеге асыратын қазіргі нарықтық-экономикалық қоғамды одан әрі дамытатын кәсіпкер тұлға тәрбиелеуді жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауындағы шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы, экономикада шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орнықты бола түсетіндігі туралы, «Ұлт жоспары — 100 қадам» бағдарламасының 79-қадамындағы білім беру жүйесінде даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру жайлы ұстанымдары болашақта сапалы білімі, саналы тәрбиесі бар, нарықтық-эконмика заманында бәсекеге қабілетті, отансүйгіш жастар ғана бар белесті бағындыра алатынына келіп саяды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» 19 наурыз 2004 ж.
2. Назарбаев Н. «Қазақстан - 2050 стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14 желтоқсан 2012 ж.
3. Аганина Қ.Ж. Жеке тұлғаны қалыптастыруда экономикалық білімнің мәні //Білім беру жүйесінде адам ресурстарын дамытуды басқарудың қазіргі тенденциялары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. 12-13 сәуір, 2005 ж.
4. Аганина Қ.Ж. Оқушыларға экономикалық білім берудің дидактикалық негіздері. Білім, №2,2006 ж.
5. Ахметов А.К. «Профессиональное экономическое ориентирование будущих учителей». Алматы, 1997 ж.
6. Ашанұлы Қ. «Кәсіпкерлік және қазақ менталитет». Қазақ әдебиеті. 2002 ж.
7. Құдайқұлов М. «Мектеп директорлары мен оқытушыларына нарықтық оқу-әдістемелік құрал». Алматы, 2012 ж.
8. Құдайқұлов М. Нарықтық қоғамда дара тұлғаны қалыптастырудың этнопедагогикалық негіздері. Алматы, 2011 ж.
9. Есқалиев М., Шедеков Э., Базиковтар А. «Жастарға экономикалық тәрбие беру». Алматы, 1989 ж.
10. Аманжолова М.К., Беркінбекова А.М., Әбілқасов Ғ.М. «Мәдениеттану». Қарағанды: ҚарМТУ, 2004. - 117 б.
11. Егеубай А. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білік» Алматы «Өлке» баспасы 2006 ж.
12. Құдайқұлов М. Нарықтық экономика негіздері. Алматы, 2007 ж., 135 б.
13. Өзбекұлы С. Нарықтық қатынастар туралы ойлар. «Қазақстан Заман» газеті.
14. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. Алматы, 2007 ж.
15. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. Алматы, 2008 ж., 193 б.
16. Елеусізов М. Шоқанның экономикалық көзқарасынан. //Ақиқат. №6. 1995 ж.
17. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы, 2009 ж., 209 б.

18. Назарбаев Н «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 17 қаңтар, 2014 ж.
19. Назарбаев Н «Ұлт жоспары – 100 қадам» 20 мамыр, 2015 ж.
20. Құдайқұлов М. Білімді капиталға айналдыру технологиясы. Алматы, 2011 ж.